

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 ақпандағы № 350-V шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына сәйкес және Атырау облыстық Әділет департаментінің ұсынысын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Индер аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 желтоқсандағы № 258-IV "Салық ставкаларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4-6-110 санымен тіркелген, аудандық "Дендер" газетінде 2011 жылғы 13 қаңтарда жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

2. Индер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 319-V "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Индер ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3394 санымен тіркелген, аудандық "Дендер" газетінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс
XXXVI сессиясының төрағасы,
мәслихат хатшысы*

Б. Сапаров